

## **Мәдениетаралық қарым-қатынастардағы әдеби тілдің рөлі**

Қоғамдық өмірде тілдің қатынаспайтын жері болмайды, тілсіз қоғам, қоғамсыз тіл болуы мүмкін емес. Қоғам үшін қызмет ететін тілді халық өзінің қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып, жетілдіріп отырады. Тілдің табиғилығы және тілді дамыту мәдениеті ұзақ уақыттан көтеріліп келе жатқан мәселе, бұл ұлттық таным мен ұлттық сана-сезімнің қалыптасуынан келіп шығатын үрдіс екені белгілі. Қазіргі, тілдің даму үстіндегі кезеңде, әрі жаһандануға байланысты тіларалық қарым-қатынастың тереңдей түскен шағында тілге ерекше назар аудару қажет. Тіл тазалығы мен оның мәдениетінің дамуын әлеуметтік лингвистикада, психолінгвистикада, когнитивтік лингвистика сияқты тіл мен ғылымның ұштасқан салаларымен байланыстыра қарап бағалауымыз қажет.

Тілдің жалпы мәселелері, оның әлеуметтік-қызметтік рөлін анықтаудан, яғни тіл мен оның иесі болып табылатын халықтың қарым-қатынасын, қоғамдық өмірдегі қызметтерін айқындаумен тікелей байланысты болып келеді. Қазақ тіл білімін зерттеуші ғалымдар қазақ тілінің ұлттық әдеби тіл ретінде деңгейінің жоғарылауына, сөйлеу, жазу мәдениетінің қоғамдық қызметінің барынша артуына, оны жетілдіруге айрықша қызмет етуде.

Әдеби тілдің кешегісі мен бүгінгісіне көз жүгіртіп қарайтын болсақ, оның қалыптасуы мен кемелденуінің түбінде халық тілі жатқандығын айқын сеземіз. Ғалымдарымыздың өзі де: «Әдеби тіліміздің тұңғыш кескін-кейпін нұсқалаған шебер де оның жаңа дәуір талабына лайық биік бел-белестерге көтерілуіне қозғау салған пәрменді күш те – халық тілі. Сильдік өріс-орамы мейлінше кең сөз өнерінің таусылмас қазынасын еншіленген қазіргі әдеби тіліміздің қол жеткен табысы, абзалында, халық тілімен сабақтас. Толғауы тоқсан қызыл тілді шын қастерлеп, оны өнер деп танып өскен халқымыз сөз жиһазының не тамаша асылын жинап, көкейіне түйе білген, кейінгіге нұсқа қалдыра білген», – деп халық тіліне баса назарды аударды да, «қазақтың халық тілі деп атап отырған «тілімізді» әр өлкенің жергілікті қазағының тіліне тән диалектілік белгілер мен құбылыстардың жиынтығын, басқаша айтқанда, халық диалекті-

лері мен говорларын көрсететін, ауызекі тілді білдіретін, бірақ ауызекі тіл болғанда да оның тек жергілікті нұсқасын, жергілікті формасын ғана білдіретін ұғым деп түсінген дұрыс», – деп сипаттама береді [1, 34].

Әдеби тілдің басты белгісі – оның қоғамдық қызметінің әр алуандығы. Тіл жалпы қоғамдық құбылыс ретінде коммуникативтік қызмет атқарады. Коммуникативтік қызмет атқарумен бірге өмірдің барлық қырларына қызмет етеді. Сол салаларда қолданылып жүрген сөз және сөз тіркестерімен бірге, түрлі саяси-әлеуметтік, ғылыми-техникалық жаңа сөз, жаңа терминдер, сөз тіркестері пайда болды.

«Әдеби тіл – қазақ тілінің өмір сүруінің ең жоғарғы формасы. Әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуы қоғам өмірімен сабақтастықта өрістейді. Қазақ халқының өміріндегі, қазақ қоғамындағы кез-келген өзгерістер мен ірі тарихи-саяси оқиғалар ұлт тілінің даму бағытына ықпалын тигізіп келгені сабақтастықтың көрінісі болса, бұл процесс әдеби тілдің даму кезеңдерін белгілеуге бұдан былай да әсер ете береді, себебі әдеби тілдің өзі сыртқы әсерлер мен әлеуметтік жағдайларға көп жағдайда тәуелді», – болатындығын профессор Б.Қ. Момынова өзінің «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген еңбегінде жазған болатын [2, 7].

Әдеби сұрыпталған нормалық жүйелерінің тезге түсуіне қоғамның мәдени өмірінің ықпалы зор болып келеді. Яғни, қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістерге орай әдеби тілде жаңа сөздердің, жаңа тіркестердің пайда болуы сияқты жайларды да ескеруімізге болады.

Әдеби тіл сөз болған жерде тіл мәдениеті де сөз болады. Тіл мәдениеті – сөзді дұрыс айтып, дұрыс жазумен қоса, әр сөздің мағыналық дәлдігін сақтап, өз орнында қолдану жарасымын табуы, сөз таңдау мен сөз қиыстыру сәттілігі, ұтымды жаңа қолданыс пен пайдалы өзгеріс арқылы жетіле түсуге икемділігі, айтылу мәнері мен үйлесімділігін сақтау секілді әр алуан саланы түгелдей қамтитын кең ауқымды тақырып.

Қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың 60-жылдарының соңында тіл мәдениеті мәселелеріне ерекше назар аударыла бастады. Осыған орай,

1968 жылы «Тіл мәдениеті және баспасөз» деген тақырыпта ғылыми практикалық конференция өткізілді, мерзімді баспасөзде тіл қолданысындағы орын алып отырған олқылықтар жөнінде пікір алысуға арналған мақалалар жарияланды. Осы тұста, тілші мамандардың ішінен алғашқылардың бірі болып ғалым М. Балақаевтың «Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері» атты еңбегі (1965) жарық көрді. Еңбекте қазақ әдеби тілі мен сөйлеу тілі, оның нормалары мен стильдік ерекшеліктері мен мерзімді баспасөз, аударма жұмыстарының негізгі принциптеріне талдаулар жасалды. Ғалым шаршы топ алдындағы сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті, грамматикалық тәсілдерді тиімді де ұтымды қолдану тіл мәдениеті дәрежесін биіктетудің кепілі екендігіне жан-жақты тоқталады да, «Мәдениет – оқу-ағарту, ғылым, өнер, тағы басқа рухани өмір табыстарының жиынтығы да, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тілдік жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық, тілдік тәсілдерді дұрыс қолдану дағдысы», – деген тұжырым жасаса [3, 9], ғалым Р. Сыздық тіл мәдениеті ұғымына мынадай сипаттамалар береді: «Сөйтіп, тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларды ұстану, орнықтыру, жетілдіру. Осылардың бәрін қосып, тіл мәдениеті деген ғылым – таным саласын «ортология» деп атаушылық бар, яғни ортология – сөздің (тілдің) дұрыстығы туралы ілім», – деп жазған болатын [4, 24].

Ғалымдар айтқан тұжырым бойынша тіл мәдениеті екі салаға бөлінеді: баспасөз тілінің мәдениеті, сөйлеу тілінің мәдениеті.

«Тіл мәдениеттілігін сөз ету үшін, алдымен тіліміздің ішкі тазалығын, ұлттық негізін түзеп алуымыз керек. Өйткені біздің тіліміз – орыстанып, еуропаланып кеткен тіл.

Біздің әліпбиіміздің құрамында қазақ тіліне қажетсіз орыстың 12 әрпі жүр. Сөздік құрамымыздан «халықаралық терминдер» деген құрметті атақты иеленген Еуропа тілдерінің 100 мыңнан аса сөздері ойып тұрып орын алған. Ол жат сөздер біздің тілдік ерекшелігімізге (үндестік заңына) бағынбай қолданылады. Сөз саптау үрдісіміз де қазақ тілінің қалыбынан шығып кеткен», – деп тіліміздегі бүгінгі күнге дейін болып жатқан құбылысты айтады [5, 12]. Дұрыс сөйлеу үлкен өнердің бірі болып саналады, әрі ондағы сөздік қор міндетті түрде төл сөздерден

құралып қоймайды, қоғамның тарихи қарым-қатынас жағдайлары тілден орын алып отыратындықтан, сөздік құрамда көршілес, аралас тұрып жатқан халықтардың сөздері кездесіп отырады [6, 1]. Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылады. Онда тілдің коммуникативтік функциясы баса сезіледі. Сөйлеу стилі тікелей жасалатын қатынас стилі болғандықтан, сөйлеудің ауызша формасымен тікелей байланысты. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді. Яғни, үйреншікті жағдайда адамдар қысылмай еркін сөйлейді. Өйткені онда күнделікті өмірге байланысты мәселе сөз болады. Сондықтан сөйлеу тақырыбына сай тұрмыста көп жұмсалатын үйреншікті сөздер мен сөз тіркестері, сонымен қатар диалект, жаргон, варваризм болатын сөздер де қолданылып отырады. Бұлар сөйлеу тіліне тұрмыстық сипат беріп, оны қарапайымдандырады. Осы жағынан келгенде бүгінгі қаланың ауызша сөйлеу тілі қаншалықты маңызды екендігі байқалады.

Тіл құрылымы, сөйлеу жағдаяты сол тілдің функционалдық аспектілерінің қос жүйелілігіне байланысты, тілдік қарым-қатынасты құраушы барлық ақпарат бөлшектері ескерілуі керек. Дауыс күші, сөйлеу темпі, интонация, көзқарас, ым-ишара, дене қозғалысы сияқты паралингвистикалық құрамдар мамандар диалогында ерекше маңызға ие. Диалогта барлық ақпарат сөзбен беріле бермейді. Мұнда сөйлеушінің апперцепциялық базасы мен қарым-қатынас жағдаяты ескерілуі керек. Сол себепті сөйлеу сапасы, мәтін сипаты да өзгеріп отырады. Ол дискурстық сипат алып, бұзылады, қосымша түсініктемелерді қажет етеді. Эксплицитті мән толымсыз сөйлем, эллипсистік құрылымдар арқылы, дейктикалық лексиканың басымдығы, шылау, одағайлардың көп болуы, сөйлемнің байланыспай қалуы т.б. арқылы беріледі [7, 37].

Жалпы монологтық сөйлеу де, диалогтық сөйлеу де ресми қарым-қатынаста қалыптанған әдеби тілге негізделуі керек. Көпшілік алдында ауызша сөйлеу тілі қалыптанған әдеби тілден сөйлеу тіліне қарай ауысатын кездері де болады. Қалыптанған әдеби тіл нормасына кітаби жазбаша стиль мен көпшілік алдындағы сөйлеу тілі жатқызылады. Көбінесе кітаби жазба тіл көпшілік алдында ауызша сөйлеу арқылы жүзеге асады. Яғни, көпшілік алдында ауызша сөйлеу көп ретте кітаби жазба тілдің ауызша түрі болып саналады.

Тұлғаға ерекше мән беру тілдің қолданысын зерттеуде жеке адам санасы мен тәжірибесін ескеруге, стиль түзуші фактордың механизмін ашуға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеу-

лерде адресат факторы маңызды қызмет атқарады. «Сөйлеу актілеріне қатысушылар өзара рөл алмасып отырады. Ол рөлдердің басым бөлігі сөйлеуші мен адресат еншісінде болмақ. Коммуникативтік тұрғыдан алғанда ситуация (сөйлеуші-хабарлама-тыңдаушы) астарында тұлғааларлық және әлеуметтік қарым-қатынастарда коммуниканттардың мінез-құлқын көрсеткен күрделі жүйе жатады. Мұнда алуан түрлі рөлді атқарушы ең маңызды фактор ретінде зерттеушілер адресатты бөліп көрсетеді», – дейді адресат факторын зерттеуші Қ.Ө. Есенова [8, 73].

Зерттеушілер ресми монологтарда лексикалық қатынастар, морфологиялық ауытқулар, синтаксистік нормалардың бұзылуы, мәтін құрылымының бұзылуы сияқты тілдік нормалардың сақталмайтынын анықтаған. Ресми тілде жаргон, диффуз сөздердің қолданылмайтындығы туралы айтып өткен. Бұл тілдік құрылымдардың бәрін саралаудың себебі мәдениаралық қарым-қатынастарда осы заңдылықтар сақталып

отырса, онда бизнестегі тілдер қатарынан қазақ тілі де орын алар ма еді. Тілдің тек мемлекеттік мәртебесі ғана емес халықаралық деңгейі де көтерілер еді.

Қазіргі нарықтық экономика заманындағы мәдениетаралық қарым-қатынастарда әдеби тіліміздің атқаратын рөлі орасан зор деп айтуымызға болады. Себебі әр ел өз ана тілі арқылы өз елінің, жерінің болмысын білдіреді. Жалпы нарықтық қатынастың белсенділігі қоғамдық қатынастағы өзгерістермен де байланысты. Әсіресе орта және шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашылды. Бұрыннан бері келе жатқан мамандықтар мен қызмет түрлерінен басқа, бүгінгі заманға сай әртүрлі маман иелері мен қызмет көрсету түрлері, әр түрлі кәсіп түрлері пайда болды. Олардың барлығы дерлік өз саласында тілді, оның жазбаша түрімен бірге ауызша түрін де негізгі құрал ретінде пайдаланады. Дегенмен жұмыс барысында нәтижелі табысқа жету, тілдік қарым-қатынастың ойдағыдай болуымен де тығыз байланысты.

### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Омаров С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 207 б.
2. Момынова Б.Қ. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Атлас баспасы, 2006. – 200 б.
3. Тіл мәдениеті және баспасөз. – Алматы: Ғылым, 1972. – 223 б.
4. Винокур Т.Г. Говорящий и слушающий. Варианты речевого поведения. – М., 1993. – 50 с.
5. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және ұлттық сана // Жетісу. – 2004. – желтоқсан.
6. Ұйықбаев К.И. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. – Алматы: Білім, 1969. – 24 б.
7. Дуанбекова М.А. Ауызша іскери қатынас тілінің мәдениеті: филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2006. – 135 б.
8. Есенова Қ.Ө. Газет мәтініндегі адресат факторы // Қазақстан мектебі. –2007. – №9. – 73-75 бб.